



50 жылдар  
Адірбек  
Сөгізбайұлы



АРҚАРҚАРА

Λ 2007  
105 к





**Кәдірбек  
СЕГІЗБАЙҰЛЫ**

**АРҚАРҚАРА**



БРК 84 Код 3-Н  
С 30  
8515189-3

# Кәдірбек СЕГІЗБАЙҰЛЫ



## АРҚАРҚАРА Таңдамалы

I-том



Алматы

“Жалын баспасы”

2006

ББК 84 Қаз 7-44

С 30

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет, ақпарат міністірлігінің  
бағдарламасы бойынша шығарылып отыр

**Сегізбайұлы Кәдірбек**

С 30 Арқарқара. Таңдамалы. Әңгімелер. I-том. — Алматы: «Жалын баспасы», 2006. — 288 бет + 16 бет жапсырма.

ISBN 9965-693-33-1

Бірнеше прозалық кітаптардың авторы Кәдірбек Сегізбайұлының бүл жинағы 2001-жылы «Атамұра» баспасынан жарық көрген «Беласқан» роман мен повестер топтамасының екінші томы іспетті. Әр жылдары жазылып, әр түрлі жинақтарда жарық көрген әңгімелерді топтастырып отырған бүл кітап жазушының әңгіме жанрындағы өзіндік ерекшелігін танытады. Сондай-ақ балаларға арналған басылымдарда, оқулықтар мен оқу құралдарында жарық көрген бүлдіршіндерге арналған әңгімелер де ұсынылып отыр.

Сан тағдырлы кейіпкерлермен жүздесуініз есте қалардай болғай.

C — 4702250201  
408 (05)-06 04-2006

ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 9965-693-33-1

© Сегізбайұлы К., 2006  
© “Жалын баспасы” ЖШС, 2006

# Әңгімелер



## АШЫЛМАҒАН СЫР

Көптен көріспеген достар бас қосқан соң мейрамханаға барып, әңгімелесіп қайтуды жөн көрдік. Түстігі мен терістігі ат шаптырым кең залдың ішін кезіп, біраз уақыт жүрдік.

— Біз болсақ үш-төрт жылдан соң бас қосып түрған адамдармыз. Ал мынау қаптаған жүргттың жұмысы қайда? Астанаға аңсап келгенде кезексіз бір есіктен кіре алмай-сың-ау, — дейді Серік біздің сәл дағдарысымызға кейіс білдіріп.

— Бұлар да біз сияқты дастарқан басында әңгіме құрмақ болған шығар, — дейді Мұскен.

Мен әр босаған орынға тап-тап берумен жүріп, олардың шағын әңгімесіне пікір айта алғаным жоқ, бейтарап қала бердім. Әйтеуір төзім таусылар кезде джаз оркестріне таяу бір үстелден үш орынды әрең таптық. Бізben дастарқандас болған көршіміз алпыстың әрігі бетіне ат түяғын іліктірген ақ шашты қарт сөзге тым сараң болып шықты. Мейрамханада отырған адамға үқсамайды, әжімді жүзінен көңілсіздік байқалады. Біздің әңгімеге тартпақ болып қойған бірлі-жарым «барлау» сұрағымыз бейтаныс қартпен танысып кетуге дәнекер бола алмады. Кейде қысқа ғана жауап береді де, кейде мүлде естімеген жандай томаға-түйік отырып қалады. Әңгімеге ыңғай танытпаған кісіні тақымдай беріп неміз бар. Коз алдында адам отырғанын да көре бермейтін, қашан да өз кәсібінің кереметтерін басында қайнатып жүретін ғалым болар, немесе өзінен басқаны қөзіне ілмейтін менмен біреу шығар деген ойға үшеуіміз де тірелдік білем. Өзімізбен-озіміз отырдық, сағынысқан достардың еркін әңгімелесуіне бейтаныстың титтей де кедергісі болмады. Құлшесін итке жегізген баладай томсы-райып отырды да қойды. Оның дастарқаны тым жүдеу, бар болғаны бір-екі жұтымдай кониак пен қаймыжықтай етіп кескен үш-төрт турам қатырма ірімшік. Қарт ішіп отырған жоқ, ілуде бір кез үрттаған болалы, жеп отырған

жок, әйтсөйр ауыз қимылдатудың парызын түсіреді. Дашиның бірде пышақ, бірде шанышқысын әкеліп шапқылаумен жүріп, кок ішек болған кезімізде біздің дастарқанды да толтырды.

— Ақсақал, дастарқандас болып қалған екенбіз. Дәм татыңыз, — деп Мұскен иінінде жұлдызы самсаған сары ала шолмекті құмырсқа бел қаздиған ромкеге төндіре берді. Оның айтып отырғанын қарттың естіп отырып естімегенін, қимылын коріп отырып көрмегенін сездім. Үйқыдан шошып оянғандай бір кездे оқыс қимылмен келіп, қан қүрәң кониагін сыйздықтата құйып жатқан шолмектің аузын жоғары қарай қағып қалды.

— Ештеңе етпес, ағасы былай нетіп... Демалып отырғанда... Мынаны ішімдіктің торесі деседі ғой... — деді тосылып қалған Мұскен актала сойлесіп.

— И-и-ә, аздал ала отырыңыз, — дейміз Серік екеуіміз де екі жағынан.

— Ракмет! Мені жарылқамай-ақ қойындар, жарқындарым. Ішпейтін адам едім.

Созі түйеден түскендей дүнк ете қалды. Даусы да мұндаған жуан болар ма?! «Алдында арағы тұрып ішпейміні не мынаның?» дегендегі үшеуіміз де бір-бірімізге үрпісіп қараптыз. Оның үстінс ақ пейілімізді аяққа басқандай етіп, біз бір у құйғалы жатқандай, тырсылдап отырғанына тіксініп қалдық.

— Дүр-р-ыс, — деді Мұскен зорлықпен езу тартқан болып. — Жазған басым қанша жалпақтасам да жақпаған екенмін ғой.

Оның бейтаныс ағасына деген ашуы бетіне ойнап шыға келді. Мұскен ромкелерді толтыра құйды да:

— Көңс жігіттер, ішіп қояйық, — деді.

Мен қыңыр да болса үлкен адам болған соң көніліне келер соз айтып қойды-ау деп қысылып қалдым. Шал естімді ме, болмаса сөз жарыстырып жатқысы келмеді ме, үнсіз отырды да, орнынан ауыр котеріліп, оркестр орналасқан сахнаға қарай аяңдады.

— Коршіге жарыған екенбіз! — деді Мұскен.

— Нағыз тип қой! — деді Серік. Мен басымды изедім. Соңан соң үшеуіміз де «әу» десіп, кониагімізді алып қойдық.

— Қария, твиске заказ беріп түр-ау деймін.

Серіктің бүл сөзіне екеуіміз де езу тарттық. Майға тыққан қасықтай жылмаңдаған барабаншы қараға коршіміз бірер сом ұсынып, тілегін айтты да, орнына келіп жайғасты.

Бағанадан құлақтың етін жеп, қиқылдап-шиқылдаған оркестрдің ала құйын әүсні бізді де қажытып тастапты. Олар тыныстаған кездे құлағымыз тыншығандай болып еді, сондай бір бөле тағы да миды жеп құлақты сарсылтады-ау дегендей өзімізді соған қоңдіруге әзірлеп отырғандаймыз. Иә, аспап жазғанның жазығы жоқ екен. Ала өкпе болып бесектеудің орнына әсем бір мөлдір сазды әуенде қалықтатты. Жаңа ғана екі иығын жұлып жеп, орнында тоқтай алмай селтендеп отырған барабаншы қара да мұлде басқа мінезді адам бола қалған. Кішкентай таяқшалары да сәнмен сілтеденеді. Мамырлап басталған тұнық та танғажайып музыка бірден-ақ іші-бауырыңа еніп, қаныңмен, жаныңмен араласып кеткендей. Жүргіннің лұпілі де ғажайып сазбен үн қосады, бар болмысың соның еркіне беріліп, елітіп қалғандайсын. Қатты дем алсаң да жанына үя салған әсемдік қарлығашын үркітіп аламын ба деп қауіптенетіндейсін. Бүкіл зал, зал емес-ау барлық әлем осынау музыканың ыстық құшағына көміліп, рахат тенізінде тербелгендей. Бокалдар сыңғырламайды, бейсауат создер де, қыздардың назды құлқілері де сап болған. Тек ерсілікарсылы жүрген даяшы өкшесінің жіті басқан тықылы естіледі.

— «Полонез»! Огинскийдің «Полонезі». Осындаі құдіретті музыканы мұраға қалдырған кісіде арман бар ма екен, сірә! Неткен жаны нәзік, сыршыл да шыншыл адам десейші. Жалғыз туынды оның есімін бар әлемге мәшіұр етті. Бұл адам туралы, адамның жасампаздығы туралы гимн ғой нағыз, — дейді Мұскен сыйырлап. Тебіреніп отыр. Менің құлағым музыкада, көзім бейтаныс қартта. Дастанқанға таман сәл еміне отырып, қалғып кеткендей. Ауыр ойдан ба, әлде қатты қиналыстан ба, сәл еңкейе беріп, тас болып қатып қалғандай қозғалмайды. Дем алсы да сезілсейші бір. Тек тарамыстанған кәрі қол сәл дірілдейді. Алдымызда тас құдайдай мелшиіп отырған пенденің тіршілігінен хабар беріп тұрған сол тамырлар ғана сияқты. Мәндайды торлат әрлі-берлі жол тартқан әжім сыйықтары кож-кож болып терендей түскен. Бет әлпеті өрт шалған онірдей әлем-тапырық. Ол бар дүниеден мақұрым отыр. Оның денесін зілдей басып, ст жүргінің осыншама елжіреуіне себеп болған қандай ой? Ол жағы бізге беймәлім.

Обалы көне, музыканттар да беріле ойнайды. Аспаптардан ғажайып әүсн төгілтіп отырған олар емес, аспаптардың оздері сияқты. Өншең қу темір жылай ма, ыңырана ма қайтеді?! Олар бірде сай-сүйегінде сырқыратып,

мұнға батады, бірде сол аспаптардан алып күшпен ашу-ыза арында кеп ақтарылып, жолындағының бәрін жайпап кетердей болады. Коз алдыңа ғажайып бір сурет келіп, кескестеп тұра қалады. Тамсанып, таңдайыңың солін жұта сол суреттің мың құлпырыған бояуына үңіле түсесін. Қозбенен емес, көңіл зердесімен коріп, бағамдағандай боласың. Шексіз де шетсіз кок айдында ескексіз қайықпен қалған жалғыз жанның өзегін өртеген оқінішке толы өксігі ме, болмаса мынау жарық дүниеден құдер үзіп, күрт кеткен мұнғықтың сырлы да сазды сарыны ма, әйтеуір шерменде, шерлі ғажайып үн естіледі. Бар ғаламнан өз пешенесін ала алмай пүшайман болған пенденің көңіл пердесімен ғана емес, бар болмыс-зердесімен салған өуеніндей. Жок, бұл теңіздің ақ бурыл толқыны да емес, өмірдің одан әлдесқайда айбарлы толқынымен туған жағадан — туған елден шеттеп шығып, қиянға кеткен жанның елмен, жермен қоштасу зары болар, зар емес-ау жүректі сыздатқан ыстық сағыныштың сазы болар. Сол мұнға үн қосқандай көк теңіз күрсінеді, ыныранады. Дөңбекшіп, шарасынан асып ақтарылардай. Адам үніне, адам мұнына мың сан көл еркесі аққу өн қосады. Тағдырын табиғаттың толкегіне түсіріп алған панаыз тіршілікті құтқармақ болғандай шүйіліп келіп, ақ төсімен су соғады. Су соғады да пәрмені жок, дәрмені жок әлсіз хайуан қанатымен долы толқынды ызалана сабалайды. Сыңсып жылайды. Онан соң байыз таппай қайтадан кок жүзінде жарқылдайды. Үлпілдеген ақ торғын қанаттың ауаны тілгілеп сүйлдағаны айқын анғарылады. Қаншасы жабылса да бір омірге арашашы бола алмағандарына назаланғандай қайтадан коңыр салқын үн шығарады. Аққулар қиқулайды, шулайды, балаша жылайды.

Музыка менің санамда осылай деп сөйлегендей. Ал басқа жігіттердің, біздің карт коршіміздің көңіл перделеріне қандай сурет болып елестеді бұл өуен, ол жағы маған белгісіз, әйтеуір олардың да беріле, елжірей тыңдал отырғандары көміл.

Күй құдірсті бар жан-тәнінді баурап алған, өзінің ләззатты да азапты, мөлдір де аласапыран шыңырауына шымшымдал тартып барады, тартып барады. «Ей, Адам, тіршілігінді тәрк етпе! Тілсіз болса да тұңғиғымның тілін тап, ақ толқыныммен талмай тайталас!» дегендей болады айбарлы теңіз. Арыстанның жалындаид бүйра толқын өзінің қайратымен адамды да қайтпас қажырлылыққа шакырып тұрғой.

Аспаптар сөйлей алмайды. Әйтпесе бұл әуенмен түптура осыны айтатын сияқты. Сан перденің сағасымен, өзінің мың құбылған сазымен бар мүмкіндігінше соны айтқысы келеді.

— Уай дүниес-ай, десеңші! — деді қарт іштегі лықсып түрған ой толқынын бір актарып, денесін зілдей басқан дүлей салмақты дүр сілкініп бір серпіп тастағандай. Біз де ептең ес жиғандаймыз. Еңсемізді тіктеп алдық.

Музыканың жаңағы торықпалы, қоңырқай да шерлі сарыны бірте-бірте жойқын күшке ұласты. Теніздің өзі үйреткен өрлік пен ерлікті жалғыз жан өмір үшін пір тұтып, ту етіп ұстағандай. Түпсіз де тілсіз тұнғиықты қақ жарып, адам ақ толқынмен арпалысып барады, алысып барады. Апырмай, апырмай... Жаһаннамына жұтардай болған ашулы теңіздің, айбарлы теңіздің қаһарына да, табиғаттың тылсымына да, тағдырдың төлкегіне де адам төзеді екен ғой. Жалпақ теңіз бетіндегі құйтақандай ғана тіршілікке осыншама қуат қайдан келген? Әлде, әлде адам рухы алдында тізе бүгіп, бас имейтін күш жоқ екенінің күәсі ме бұл? Әлде, адамның қуат-қажырының осыншама жойқын, осыншама алып екенін дәлелдеп түр ма күй әуені? Иә, бәрі — бәрі де бар. Қайсысы болса да адам туралы, оның дүниенің төрт бұрышын шенгелдей уыстап, қайыспай көтерерліктең қайраты туралы жырлайды музыка. Тағы да «әттең, аспаптарда тіл жоқ, тіл жоқ деген болмаса бар айтарын мынау құдіретті әуен айтып түрған жоқ па» деп ойлайсын.

Күмбірлеген күй тасқындай тұсті. Ерекше екпінмен еңсеріп әкетіп барады. Тасқындағып, дауылдатып алады да қайтадан музыка екпіні толастап, бір сәт көңілді мамыражай, бейбіт өмірді сойлеп кетеді. Әуенниң әр бұрылысында жүз құбыласын, әйтеуір тыңдаушы жанына терең бойлап, сезімінді терең тербел жаулап алар, баурап алар бір ғажайып күшке еріксіз бой ұсынып, еріксіз бағынасын.

«Полонез» мамырлап келіп қонақтады. Оның бар кереметі іші-бауырыңа еніп алып, сезімнің ең нәзік қылын қытықтап, жүргегінді шымшиды. Ғажайып музыка мені де, достарымды да, көршімізді де, тіпті, барлығын да баурап алған. Бәрін де ұмытқандаймыз, үйып қалғанбыз. Бір сәт ауыр тыныштық биледі. Залдың екінші бір шетінен біреу үйқыдан оянғандай қол соқты, сонан соң бүкіл зал қол соқты. Коршіме тағы да көзім тұсті. Оның күшкүй жауырыны құныса түскен. Жерге қарап емініп, әлі езіліп

отыр. Мен енді оған тіл қату немесе ойын болу қиянат деп үқтym. Өйткені, оның бір сәтке алған ләzzатын бойына баппен сініруі керек сияқты. Қазір оның қолы емес, бүкіл денесі баяу ғана дірілдейді. Етсіз қолдың үстінен адырайта, бадырайта желі тартқан көгілдір қан тамырлары да тынымсыз булкілдеп тұр. Ол құрсінді. Сөйтті де, оқыс сілкініп айналаны барлай қарады. Сол кезде мен оның алау жиектенген козінің аясындағы жасты көрдім. Таңғы шықтай моп-молдір. Жылдар бойы тілегенін тапқанда, аяулы арманыңды қайта тапқанда шығатын кәдімгі ақбесрен конілдің кәусары бейне. Қиянда отырып, қызырға қараған ақынқтай ашық тұрған терезеден әлдеқаіда шақшия үніледі, коладан құйғандай мелшип қалған.

Біз үнсіз ғана дәм алдық. Суып қалған бокалдар да қаздыып-қаздыып қолға қонды. Қарт музыканттарға қарады. Қарады да манағы жылмаң қараға «бері кел» дегендей ишара білдірді. Ол да жем аңдыған сауысқандай тым сақ отыр екен, елпілдег жетіп келді. Шал тағы да «орамалын» берді.

— Қандай музыканы қалайсыз? Конілді бір серпіп тастар ойнақы қүйлерді тартайық па? Онда қыздардың қылықты билерін коріп қарық боласыз. Құдай біледі бар ғой, жастық шағынызды аз уақытқа сыйлаймыз. Болма са Моцартты тыңдайсыз ба? Шопен... Чайковский... Глинка..?

— «Полонез»! — деді қарт тағы да одан басқа созді білмейтін адам сияқтанып.

Тағы да күй тогілді, тағы да сол сурет, тағы да тұнық сезім. Коршіміздің ақысын берсе орындалар тілегі осылайша екінші рет қабыл болып, күй тындан отырғанымызда бір бойжеткеннің: «Жетер!» деген даусы естілді. Кереметтей ерлік істеп тастаған адамдай өзіне риза болған кейіппен тонірегіндегі жігіттерге қарады. Қоштау құтетін сияқты. Бірақ ешкім тіс жара қоймаған соң: «Жоға деймін-ау, бұларды осылай шаужайлап алмасаң, адамның настроениесін түсіреді» деп темекісіне қол созды. Шал катты үйқыдан шошып оянғандай оқыс селк стіп, дауыс шыққан жаққа ожырая қарады. Соңан соң томырылған күйі томсарып отырып қалды. Жаңағы бойжеткен қазданғап келіп, жылмаң қараға келісімнің төте жолы — кесімді «жол-жорасын» ұсынып кеткен соң оркестр бүкіл залда отырғандардың сезімін айқай-шулы басқа бір дүниеге ықтиярсыз сүйрей жонелді.

Жаңағыдай құдіретті әүсн шығара білген қайран аспап музыканттың құлы boldы да, музыкант «Тары шашқан-ның тауығы болып» тобе шашынды тік тұрғызар бебесу

қағып, безілдеген бір долы әуенге басты. Он шакты қыз берін жігіт ашық алаңға шығып, бір-бірлеріне зілдене үмтыйлды. Қолдарын күй ырғағымен ербендетіп, тұрпайығана сөн жасағандарымен бәрінің түсі айдағардың құғынына үшыраған кісідей сүйк еді. Бір-біріне тепсініп келіп жемежемге келгенде сырт беріседі. Өкшелер сартыллады, еден солқыллады, боксерлер бұлтынданап, балтырлар жарқылдаады... Пай-пай! Өз алдына бұл да бір дүние.

Бағанағы сезімнің теренінен тұнық әуен төгілткен музыканнтар да ала окпе болып бір-бір аспабын құшақтаған күйі орындарында билеп түр. Қиқылдалап, шиқылдаған мазасыз музыка құлақтан кіріп, бойды жаулады. Алдындағы молдір сезім, төтті қиялды ығыстыра бастағандай.

— Тө-оу-у, әттесіне нәлет, «Полонезден» кейін мынаны тыңдау қыын скен, ә жігіттер? — дейді Серік.

— Мүмкін біз өз замандастарымыздың талғамы мен таңдауына ілесе алмай жүрген болармыз? «Әр онердің қасиетін өз бойынан іздендер», деседі ғой білгіштер.

Мен тағы қалыс қалдым. Соз таластырғым келмеди. Екі козім корші қарияда. Ол екі құлағын тарс басып алған. Бағанадан санасына құйылған әсем әуенге ала құйын музыканың баар жолын бекітіп отырғандай.

Жаңағы қызы-жігіттер біраз солығын басқан соң карт жан қалтасынан әмиянын шығарды. Әу дескендей Мұскен де, Серік те, мен де қалтамызға қол салдық. Барабаншы да біздің қимылды қалт жібермей бағып түр екен: «Не бүйірасыздар?» деді өте бір мәймөңке үнмен.

— «Полонез», — деді Серік жігітті риза еткен соң.

— Әз аға, осы музыканы сүйгенініз үшін сізге арнаңық.

— Өркенің оссін, қарағым!

Ол музыка аяқталған соң даяшымен есептесті де, бізben қоштаспастан есікке қарай ілбі аяндады.

— Жігіттер, омірлерінде бір музыканы өліп-өшіп үштөрт рет тыңдаған жанды көрдіндер ме? — дейді Серік бізге қарап. — Мұнда бір ғажап сыр болуы мүмкін ғой. Қайдан білесіндер, бұл оқиға менің жана бір әңгімеме арқау болар. Тақырыбы да даяр түр. «Ашылған сыр» болады.

Серік болашақ жазар бір әңгімесінің «ғажап арқауынан» қолма-қол айырылып қалғалы отырғандай болған соң және білсек-біле салайық деген оймен біз де орнымыздан тұрдық. Сонынан іле шыққан біз оны жолда күп жеттік. Оймызы әңгімеге тарту, жаңағы музыканы соншама суюнің сырын ақтарту. Бірақ ол жұз жасаған көрі тораңғылдай алғашқы отініштен кейін-ақ морт кетті.

— Жарқындарым, сый-сияптарыңа рақмет! Бірақ ол отініштерінді орындаі алмаймын. Сөз — осы!

Ушеуіміз де тосылып қалдық. Әсірсе Серік қипактап, шарасыздықтан дымы құрып түр. Таяғына сүйеніп, кошे бойлап бара жатқан бейтанаис жанды көзімізбен шығарып салдық...

— Қап, мына шалдың қырсығы-ай, ө! — дейді Серік.

— Сенің кейіпкерің болғысы келмеген ғой, — дейміз оның зығырданын қайнатып. Осы кезде жанымызға келген бөгде бір жігіт шырпы сұрап, шылымын тұтатты.

— Немене, жігіттер, үшеуің мына шалды неге майлышекше айналдырып жүрсіңдер? — дейді әлгі жігіт жымың-жымың етіп.

— Әңгімелессек деп едік, — деді Мұскен акталғандай.

— Бұл Фалымбек Асқаров деген Ұлы Отан соғысының мүгедегі. Пленде болып, қашып шықкан дейді. Бір үйде жалғыз қара басы ғана тұрады. Арқа жақтың қазағы болса керек. Өзі бір қызық адам. Kicire өмірі жылы сөйлеу дегенді білмейді ғой. Аптасына осында бір келіп, «Полонезді» тыңдайды. Онымен танысқаннан да тәнірмен тілдескен онай. Былай, мына жерде, кішкене... — деп ол самайын сұқ саусағымен қашалады. Онысы «науқасы басында» немесе «ептеп есінен шатасқан адам» деген сөзі болар деп ойладық біз. Бейтанаис жігіт, қызулығы ма, біраз сөзді сапырып-салырып алып, жөніне кетті.

— Айтамын ғой, жігіттер. Осы шалда ғажап бір сыр бар деп. Қалайда «Ашылған сыр» жазылуға тиісті, ол үшін Алматында тағы бес-он күн жатсам да мұны тауып сөйлесемін, — деді Серік бізге серт бергендей.

Ертеңіне Серігім көптен жоғалтқанын жаңа тапқандай қуанышы қойнына сыймай бізге жетті.

— Таптым, жігіттер, Асқаровтың адресін. Қалалық анықтама бүйросынан алдым.

Ол жанды қоймаған соң үшеуіміз де тілдей қағазға жазылған адреспен биік қызыл үйдің үшінші қабатына көтерілдік. Есіктің қонырауын соққанымызда іштен ақ сары келіншек шықты.

— Сізге кім керек еді? — деді бас-аяғымызды барлай қарап.

— Фалымбек Асқаров осы пәтерде тұра ма?

— Коріп тұрсыздар ғой. Мұнда біз тұрамыз. Басқа адамды білмеймін.

Ол енді сәл кідірсе үшеуіміз бірдей жағасынан ала түсетіндей есікті сарт еткізіп жауып, кілттеп үлгірді, Жа-

заланған баладай орынсыз кінәлі болып, мелшиген көк есіктің сыртында қала бердік.

— Ой, мынауың қандай адам өзі? Жөнін айтпай ма еken? — деп үшеуіміз де ұдірейісіп қалдық. Сөйттік те қайтадан қонырауды безектеттік.

— Мен сіздерге тіл үгатын болсаңыздар айттым ғой, мұнда тұрмайды деп. Ол ауылға кеше көшіп кеткен.

— Қай жаққа, женеше, туысымыз еді, — деді Серік қызылып.

— Қарағандының Шет ауданы деді-ау деймін. Иә, солай деді. Ал әрқарайғысын білмедім, — деді келіншек осылардан құтылайын дегендей.

— Оқасы жоқ, абырой болғанда өз облысыма кеткен еken, — дейді Серік. Мұнысына қарап оның шынымен-ақ қарияның тағдырын білуге құмартқанын білдік.

Одан кейін тұрудың мәні жоқ еді, әрине.

— Көз алдымда Арқаның жалпақ жазирасы, көлін аңсаған аққудай сол Арқасына қеудесіне қатталған бар сырымен жол тартып бара жатқан емендей қатқан қария бейнесі түр. Ол конілінің түкпіріндегі иә жүргегінің дүрсіліндегі «Полонездің» саумал сазымен бірге туған жеріне аттанды, — дейді Серік құліп.

— Байқайсындар ма, бұл менің болашақ әңгімемнің түйіні болмақ... Ол үшін Асқаровты табуым керек қалайда.

Ертеңінде біз Серікті өзі қызмет істейтін облысына шығарып салдық.

— Жігіттер, мен «Ашылған сырды» облыстық газетке бастырған соң өздеріңе жолдаймын ғой, — деді ол қоштарда.

Біз оның ізденген адамын табатынына сендік.

\* \* \*

Сонымен біз Асқаровты да, Серіктің «Ашылған сырын» да ұмытқанбыз. Бір күні Серіктен хат келді. «Жігіттер, жолым болмады. Асқаров ақсақал еліне келген соң жарты ай өтпей-ақ дүние салыпты. Бар сыры өзімен бірге кетті. Жалғыз-ақ бір замандастына бұрынырақта: «Жау қолында амалсыз пенде болып, әбден жаншылып біттім-ау деген кезімде бір музыка қанаттандырып, қуат беріп еді. Шын аңсап сағына білген адам жете біледі дегенді үқтырып еді ол музыка» деген сөзі көп жайды аңғартқандай. Кім біледі, рас та шығар. Мен ойлаймын, мүмкін өмірінің аз қалғанын сезіп, «Ер туған жеріне» деп бірден еліне тартып

кетуіне озімізben бірге отырып тындаған сол музыка себепші болған шығар. Амал қанша, ғажап әңгіме болатын еді» депті ол хатында.

\* \* \*

Жақында ғана үшеуіміз тағы бір бас қоса қалған соң сол мейрамханаға барып, біраз рақаттана музыка тыңдал, отырып қайттық. Ешкім «Полонезді» тартқызыған жок, біздің де ойда болмапты.

1967 ж.

## БАЛАБУРА

Кішкенетаудың қойнау-қойнау қолтықтарындағы ескі қыстау орнына шыққан қалың қалақайы мен сай-саланы қышқылтым кермек иісімен бояған жусанға түйенің көп зауқы соқпай жүр. Тек анда-санда келіп, улы қалақайды ауыз толтыра асап, құшырлана күрт-күрт шайнайды. Ас болсын деп емес, ашумен бейкүнә өсімдіктен ош алғандай ызамен орады. Жеп тауыспасын білген соң, жапырып тауысайын дегендегі үстіне бар салмағымен ошіре, зілдене аунайды. Сойтеді де басын жерге салмастан Қызылشاғылға қарай беттейді. Арқар жортқан жотада ол алып кеудесін аңқылданған желге тосейді. Бұлың-бұлың бүлдырап, көз үшінда корінген Алтайға, сонау алыста ирестіле шұбатылып жатқан Қара Ертіске қарайды. Тобесінен Сауыр мен Сайқаннның ак басты таулары үніледі. Батысында Тарбағатай сілемі мұнартады. Бірін-бірі куалап жеткізбейтін белес-белес адырлар — бөрі-бөрі де озіне етene таныс. Атамекеннің күнде коріп жүрген суреті. Бірақ тілеіз мақұлықтың жаңын жегідей жеп, жүргегін шанышқылаған бір мұң бар. Ол жалғыздықтан шеккен жапаның, бір кездегі тірсек тістесіп, асыр салар түйе атаулыны сағынудың мұны еді.

Жазған жануардың бар онері тау басында тірі мұсіндегі сілтейіп тұрып, ұзак-ұзак боздау ғана. Аяқ жетер аймақта карақан басы ғана қалыпты. Тағдырдың өзіне де ие бермейтін тәкаппар басын тік үстап, тау-тауды кезгісі келді. Бірақ... Қайда баар, қайдан табар іздеген жоғын? Оның үстіне мұның жалғыз қорғаны озін күтіп-бағудан жалықпайтын қара шалдың қарасы бұған корінбегелі де айдан асты. Толағай басына кен дүние тарлық еткен соң не шара?

Балабура томендері ауылға қарайды. Жыл мойыны жінішкерген шақ — наурыз откен соң таулы алқапты қыстап шыққан төрт түлік аузы көкке тиіп, түлеп салған.

Боктер-боктерде қадала жайылып, отар-отар қой жатыр. Қоңыраулата кісінеп, құлыштар шапқылайды. «Тентек болма» дегендей енесі оқыранып қойып бетегеге бас қояды. Бәрі де өсіп, бәрі де кобейіп жатыр, бәрі де сонысымен бақытты...

Ал бұл ше? Бұл болса, осы алқапта он-он бестен өрісте жүретін жампоздан козге шыққан сүйелдей жалғыз қалған сарқыт сияқты. Оның екеуі өз қанынан тараған үрпағы болатын. Ең соңғы алты түйені бейтаныс адамдар айдал әкетті. Хайуан шіркін оларға «Түйенің енді не қажсті бар?» деген айдар тағылып, соғымға әкетілгенін қайдан түсінсін. Оны білер зерде, зейін болса, хайуан болар ма еді бұл?! Бір кезде бір үйдің жүгін тиегендे мыңқ демей адырлар мен белдерді табанының астында илектеп, маңа беретін алып күші мұның атын аймағына шығарып еді. Бір үйдің мүлкін артса да Қынсудың үнірейген шатқалына түсерде қиялы жолдың қисының тауып, спипен басар еді. Бүйданы қолына алған қара шалдың: «Табанының астында жылан жатыр, шок-шок» деген майда қоңыр үні оның жігеріне жігер, қажырына қайрат қосар киелі үн сияқты естілер еді. Ал өрге келгенде өзі-ақ көнігі сокпақтарды қуалап, туралай салмай кемерлесій, қигаштай тартып, биік басына жеткенше тыным таппайтын. Ақ кобіктенген сан еттің соры шығып, Қынның екінші қырқасына барлық коштен бұрын шығар еді бұл. Кош сол биікке жеткенде сәл дамылдап, түйслер шогерілетін. Балабура шögіп жатып, жайлалудың соны шүйгінін, өз табанында жайыла осетін түйежапыракты ерні жеткен жерге дейін шүйіре орап алып, рақаттана шайнайтын. Ол күн де ұмыт бола бастапты. Мұның қажыр-қайратын керек етіп жатқан жан жоқ бұл күнде. Тек әйттеір өтті-кетті сол бір кез өз тұстастарын, аз уақыт кешіп откен омірдің қызықты бір өткелдерін есіне түсіріп, сағым қуып, көз алдынан сағыныш боп отеді де. Өзінің қазіргі пушайман болған халі, бодауы аз осы бір болымсыз күндері хайуан екеш хайуанды түйыққа тірегендей.

Ол күн ұзакқа Қызылашағыл қырқасында шögіп жатты да қойды. Тек қас қарайып, ақшам жамырағанда итініп орнынан тұрды. Тымық кешті дір еткізіп, тағы да боздады. Қарауытқан шатқалдар ғана үн қатты. Үнірейген, менірейген сайлардан үкінің әупілдегені, тұлкінің шәүілі естілді. Ауыл жактан ит үрді. Екі-үш қырқаның арғы жағынан тасып жатқан Үйдененің гүрлі сарылдайды. Оның тұнгі айбарлы үні алыстан құлақ тұндырады.

Балабура коз алдынан лақтырған тастай зұылдап өтіп жатқан жарқанаттарға да назар салмайды. Алып дененің

күйзеліп тұрғанында құйтақандай немелердің не жұмысы болсын? Өз қызықтары өздерінде.

Түйе ішін тарта ұзак боздады. Көкіргінің кобесі сөгіліп, қолқа жүрегі еріп кеткендей сызылта салды. Өзі тайлақ атанаип, көшке бос ілесіп жүрген шағында Қынсудың қиясынан құлат, пышаққа ілінген енесі, одан кеше ғана көз алдында кеткен үрпақтары, тіпті тіршілікте бастары көп қосыла бермейтін бүкіл қос өркешті дала алыптары есіне түсті. Бұл боздауы соларға бағышталған сағыныштың сан перделі сазы, көзден таса болғанымен, қоңылден жырақ кетпейтін кейуаналардың көз алдында сақталған елесіне шаққан мұны еді. Ол әлі де қызыл жолақ күн шапағы сөне қоймаған батыс көкжиекке шаншыла қарап қалды. Оның көз алдына қалың қалақайда аунап жатқан өз қандастары елестейді. Тек елес қана. Балабураның ойлай алатын зейіні болса, өткен күндерінен мыналарды ескес алған болар еді...

Бота орнынан ұмтылып, маймақ аяқтарымен тәй-тәй тұрғанша қара шалдың шымылдығында жатты. «Көз тиеді» деген сактық үшін жасырылғанын ол шіркін қайдан білсін. Қарақат козі жаутаңдал, тұнғыш рет «бө-бө-өө» деді. Ол өзінің дүние есігін ашқанын әйгілеп, барша әлемге хабарлағаны. Содан соң енесінің үлпілдеген мамық емшегінен уыздың дәмін татты. Тұмса туған інгеннің өз үрпағы үшін жинаған нәрі оның таңдайына татып сала берді. Ол құмарлана сорды. Содан кейін бүкіл жаһанға, айнала дүниеге таңдана қарады. Адамдардың, анасының мейірлі коздері, жарық дүние – бәрі-бәрі де оған ыстық ықыласпен қарап тұрды. Содан бастап ол тіршілікке тәнті, содан бастап ол екі аяқты, жұмыр басты пенде атаулыны қамқор корді.

Иә, ол бәріне де сенген, бәрін де сүйген...

Бота солайша айналаға сәби көзben қарап тұрғанда қара шалдың ұлы Жәнібек келіп, мұның иір мойнына асылған. Үкінің жүніндей үлпілдеген ақ мамырын аялай сипап, жәутендереген бейкүнө мөлдір көзінен сүйген.

– Боташым, ботақаным менің. Әузін-әй шөпектеген. Ата, мұның атын не қоямыз? Ақбота дейміз бе? Ақбота деуге болмайды екен, өйткені бұл ақ түйе болмайды. Ә, таптым, таптым. «Балабура» болады мұның аты. Сенің атың – Балабура, Балабура, – деп ол мұның құлағына аузын тақап тұрып айқайлаған.

Одан бері де әр қатпарының астына талай-талай дәуренді жасырып, жылдар да өтіпті-ау...

Балабура бей-жай тұра беруді жон кормеді. Өзінің жануарға ғана тән қайғысын қозғай бермей, қайратын да қолдайын дегендій, аңсары ауылға ауды. Әлде барып, күлге аунағысы келді ме, әлде тұз жалап, жерошақтағы тұтін иісін іскегісі келді ме, жок болмаса көптен корінбей жүрген иссінің қарасын коруге дәмеленді ме, әйтеуір теңселе басып, ауылға беттеді. Жаратылысына біткен асықпас сабырлылықпен, торт тіреудей аяқтарын сәнмен сілтсіді.

Оның алдынан жау жеттілеп қойшының ала қаншығы шықты. Шыж-быж, алып тастардай болып келеді. Түйе оны елеген де жок, «е, сен мұндар үрерсін де қоярсын» дегендей, маң-маң басып оте берді. Қиратып тастамақшы болып келіп, ештеңе өндіре алмаған соң кінәсін жуып-шайған ала қаншық қүйрығын жәркелештеп бұландастып қойды да, тау жаққа қарап үрді. Өзінше саксынып, босқа ала өкпе болып жүргемегенін дәлелдегендегісі. Балабура оның итке ғана тән тіршілігін пәрүәйіне де алған жок, жайымен басып, қотан шетінде қарауытып түрган киіз үйге таяу келді. Шаңырактан жарқырай үшқан жалын ду бетте көкке шашыған болады. Бірақ қықалактап барып, соніп кетеді де, кенеуі жок ақшылтым күлге айналады. Лап етіп жанып, лып етіп сөнер қырпуы жок, қамсауы жок бүрген ғана осылай үшқын ататын. Бура ыс сіңген туырлықты іскеді. Озіне таныс, біртүрлі сүйкімді ііс. Қос оркешкес туырлық орап, қом жасамағалы да екі-үш жыл отіпті. Бүгінде жайлаудың біраз жеріне дейін мәшине жол салып алған. Жұрт түйеге жүк артып, машакаттанып жүрмейді. Балабура өзінے жүк артатын әдеттің неліктен пышақ кескендей тыйылғанын да пайымдап көрген емес. Туырлықтың қышқылтым, кермек іісін құмарлана іскеуі де әншнейін сол бір күндердің елесін дөғал санасымен өзінше ғана сезінуі еді.

Балабура киіз үйдін туырлығына тұмсығын тіреп тұрып уықтың қарына қасынды.

— Өй, мына жайрағыр қирата ма? Шелегің түскір, мә іздел жүргенің осы болса!

Үйден шаңқылдай жүгіріп шыққан әйел бақанмен бураны қақ маңдайдан аямай ұрып, көзінің отын жарқ еткізді. Бірақ бура бұрынғы әдетіндей жынын шашып, бақырған жок. Тек қатты ыңыранғандай ғана үн шығарған. Алып дене әйел соққысына теңселип қалды. Балабура өзінің бір кездегі құдіретті қамқоршысындай көрген екі аяқтыларға тағы да не үшін кінәлі болғанын пайымдап үлгірмestен, жан сауғалап қашып шықты.

— Бұл не? — деген ср адамның даусы естілді үйден.

— Әлгі Мәлік шалдың түйесі ғой қанғырған. Жайрағыр, уықты сындыра жаздады емес пе, — деп әйел актала сойлеп жатты.

Балабураға ол үндер талып қана естілді. Ол ауылдан ұзап шығып кетті. Бағыты жок, бағдары жок, басы ауған жаққа салып келеді. Ләқса болып, қартайған шағында бар тіршілігін тәрк етіп, бір кезде озіне одан ыстық көрінген омірдің түщі тынысынан да безініп келе жатқандай. Бұрылар смес, күз болса да тайынар сынайы жок. Козінде мұң емес, жалын бар. Ешкімді де, ештеңені де көргісі келмейді. Өзі жүтін қырдан ойға, ойдан қырға жылдап арқалаған адамдардың ешқайсысынан, тіпті осы бетінде қарсы алдынан қара шал шықса да араша сұрағысы жок. Шемен боп қатқан шермені оны бөріне де тойідірғандай, мойын бұрғызбайды. Қараған-бұта жалпақ табанының астында күрт-күрт сынады.

Мүмкін ол озіне зәбір-жапа корсеткен адамдарға, оз тағдырына налып немесе оларға өкпе артып келе жатпаған болар. Әйтсе де жалғыздықтан жапа шеккен жануардың ауылдан қорған таба алмай, тұн жамылып, жалғыз жортудында хайуан мінезіне ғана тән қарекест бар сияқты.

Бір кезде ол дүлей күшпен келіп, бұырқана тасып жатқан Үйденеге қойып кетті. Қамал болса бұзып отпекші, қалың болса жарып отпекші. Өзен күші мен оз қайратын да салмақтап жатпады. Нар тәусекелмен келген бетте ұрынды. Жок, озінен зор шықса, бойдағы қайраттың, жалған қанат байлаған өзөзіл ашудың қорғандығы мен камсауы шамалы екен. Өкіріп, доңбекшіп жатқан долы өзен алып жампозды жабағы құрлы көрмей, қақлақылдай үйіре жонелді. Өзі келіп аранына түскен олжаның жынын қағып алайын дегендей тасыған озен оз ірімдеріне оны коміп-көміп алды да сак-сак құліп, сүйрей жонелді. Ол жан үшыра тулағанмен жүлдизды зенгір аспан аунап, толқынның тәлкегі болып кете барды...

\* \* \*

Балабура олмепті. Ол есін жиғанда ғасырлар бойы су сокқаннан, болмаса о баста солай жарапған үй орнындағы жартастың үңгіріне тығылып қалғанын көрді. Асай өзен мұның бауырын соғып, доңбекшіп жатыр. «Жаныңды жартас алып қалды, оттеген-ай, оттеген-ай» дегендей өз күштілігімен айбар корсетеді. Түйе тас қамауда тұрып, он қадам жердегі бостандыққа үздіге қарады. Бірақ өзінің табиғат күші алдындағы әлсіздігін алғаш рет сезінгендей болды. Қара шалдың бейнесін, жылы қабағын, соның коптен бері зар қылған қамқорлығын ансады. Бірақ, ол «Көрі тарлан

қартайғанда жорға шықты» дегендей-ақ қара шалдың алпыстан асқанда қала тұрғыны болуға бел буып кеткенін қайдан білсін.

\* \* \*

Мәлік қарт бұл пәнидің шыр етіп келіп есігін ашқалы бергі алпыс жылдан астам уақыттан бері Алматыны қойып, иск астындағы Зайсан қаласына екі-үш жылда бір бармайтын. Тұып-өскен Маңырақ – алтын бесік, жан сая. Оның Мәкең білмейтін сыры бар ма екен, әр сай, сай емес-ау тау-тасы қоқірегінде сайрап түр. Қыс-қыстауы Қызылқырқа, жаз жайлauы Айғыркомген, Сандақтас – айналысы екі көш жер қарт өмірін қуәсі. Балалықтың бал бақшасы, сәркілдеп, ит шулатқан жігіттік шақ, шау тартып, жігіт ағасы атанған кездердің бәрін ол табан тайдырмай осы өлкеде өткізіпті. Мәліксіз Маңырақ жатқанмен, Маңырақсыз Мәлік жетім сезінетін. Сонау соғыс кезінде үш-торт жыл «турдабайға» барғанда андаған ол туған жер дегеннің не екенін. Шахтада көмір қазып жүріп сәл отыра қалса, ауылындағы қүйік тірлікті соз етер еді. Айталық әңгімесі: «Шіркін, біздің Кішкенетау, Маңырақ жер жәннәты ғой. Қараған басы қар жауса да мал жутамайды. Қар жатпайтын Қызылашағылдың құнгейі бір отар қойдың алты ай қысқа азығы болатын. Отарды Фазиз деген жиеншарға қалдырып едім, әңгүдік неме мал төлдегендे іскектейтін ауыл төңірегін қыста жегізіп қоймаса неғылсын. Жер отын да малға көртіп бере білу керек» сияқты болып келер еді.

Ол жер түбінде отырып, жиеншарына уағыз айтайын да демейтін болар, әйтеүір ауылды сағынған соң өзінше еске түсірудің амалы да баяғы. Одан қайтып келген соң қойын бағып дегендей біраз жылдарды өткізді. Жастық шағы, тіпті бар ғұмыры туған жердің жылғасы мен жық-пышында өтті. Ол озін сонысымен бақытты сезінетін. Атабабаның ізі қалған, солардың зираты жатқан жер оған анадай ыстық, жардай қымбат. Оның үстіне отыз жыл отасқан қосағымен екі бірдей арысы – көздерінің карашығында үлдары осында жатыр. Тәнірі де бұған келгенде сараңсып үш-ақ үл берген екен! Біреуі жастай шетінеді, бірі жігіт болған шағында боранда қалып мерт болды. Ендігі бар тіреніш, бар сүйеніші жалғыз Жәнібегі ғана. Ержеткізді, оқытты. Кемпір кетіп, жалғыз басы сопиып, иен үй бағып, жарым көніл болып қалса да, үл ержеткен шақта тосек жаңғыртуды ар көрді.

– Мәке, қартайған шағында бір арқа қасыгар шүйкес бас тауып берейік, – деген ағайын пейілін қоштамаған.

— Шүкір, жерге қарап қалғаным жоқ. Қоктеп келе жатқан оркенімнің тілсін тілеп, құдай немере берсе, соларға ертегі айтып отырса болмас па. Тым болмаса кемпірімс ұялмай барайын, — деп соз аяғын әзілге айналдыра салатын. «Аман болса, жалғызым жетті ғой. Әлі-ақ окуын бітіріп келеді. Келін жұмсаймын, немере ііскеймін» деп, ол тәтті қиялға берілетін. Әйтеуір, жалғызы тарық-пасын деп жұмыстан қол үзбей, ферманың он шақты түйесі мен өзінің екі сиырын, он шақты қой-шкісін бағып келген. Заман өзгерді, біраз тасымал жұқ атаулыны мәшине-тіректірлер міндетеңе алды. Азын-аулақ түйелерден мұлде қадір кеткен. Тек бір шаруашылықтың басшысы ойсылқара үрпағымен жуықса, сол адамның ақымақтығы деп қояр еді. Барлық колхоз-совхоздар, бүкіл аудан, облыс болып, ата-бабаларын түйе түлігі өлтіргендей осынау жаңуарларға жаудай тиген. Естуінше бүкіл елде солай корінеді. Неге бұлай boldы? Үкімет мәпелеп отырған қой малының жем-шобіне ортақ болып жатса, орісін таптап, зиянын тигізіп жатса бір сәрі-ау. Ешкімге тигізер тырнақтай кесірі жоқ, қорегін сортаның қекпегін, тікенді қараған, шенгелдің басын шалып тауып жүрген хайуанның қай қылышы үшін қатал үкімге тартылғанын Мәкең түсінс алмайды. Шаруашылыққа келтірер бар зияны он үш-он торт түйені баққаны үшін бұған толейтін азғана тыын-тебені ғана... Қара шалдың бар білері... бұның бағып жүрген түйелердің түгелдей құнан өғіздің құнына тұрмас бағамен жүртқа соғымға таратылғаны ғана. «Бота күнінде Жәнібегім осірген еді» деп, жалғыз осы Балабураны озі сатып алғып қалып еді. Сондағы бар ермегі бір түйе, бір аты мен басқа малдарын құту. Онан қалса ферманың барып кел, алып келинс қолғабыс жасау. Неше жылдай жалғыз қалса да жиеншары Фазиздың бірге тұрайық дегеніне конбеді. Жәнібегі келіп, қара шаңыраққа ие болғанша өз лашының түтінін өшіргісі келмеген. Қанқиған торт керегені қарақан басы қүзетіп жатып алған.

Енді міне, жасы жер ортасынан асқандарайдан қайтып, тағдырына риясыз көнген жайы бар. Үл үйленіп қалада қалды. «Қызымет бабы, ауылға жібермейді. Оның үстінс болашағым бар, тағы оқимын» дей ме-ау, әйтеуір пәлсен-пәштуан деп ғылым мен оқудың тубіне біржола бойлайтында Алматыда орын теуіп қалып қойды. Мәкең үлға окпелеп, бір жыл тоң-теріс жүрген boldы. «Ата-бабаң ғұмыр кешкен далаңнан безейін дедің бе? Әкем деп сақалымды сыйласаң, ауылға қайт. Жеттім, енді жолымды

бөгеме десен, тірідей көміп, тескен тау асып кетсөн де мейлің» деп морт сынбақ болды. Ақыры: «Мені қойшы, көріңдің жасындағы жасым қалды. Елім, жерім деп екіленгенмен, жалғыз ұлдың жолына тұрып қайтермін. Заманы басқа, оқығаны, білім құғаны жөн. Біз сияқты мал қамымен қалып қоймасын. Олай-пұлай болып кетсем, сүйегімді туған жерге, кемпірімнің қасына жеткізе болғаны. Бар марқадамың сол болсын дермін. Қолыңа барайын» деп шешкен. Сөйтіп ұзак жолға өзірленген еді. Болмағанда жаз айларында келіп, кең тыныстап, кереге көзінен салкар далама көз тастап, жатып кетермін деп киіз үйді қаттап қойды. Малдарын сатып, азын-аулақ пұл қылғанымен, Балабураны қимады. «Жануар ескі коз еді, жүре берсін. Осыдан алған тыын-тебен кемтігімді толтырып, жыртығымды жамамай-ақ қойсын. Менің төле-ген ақшамды бұл баяғыда-ақ өтеген. Эйтеір көз қырларыңды сала жүр» деп Фазизге қайта-қайта тапсырған. Сөйтіп ол ұзак жолға шығып кеткен еді.

\* \* \*

Балабура мұның бәрінен де хабарсыз. Санасының терен түкпірінен орын алып, көз алдына сағынышпен елестеткен сол бір қастерлі бейненің жүздеген шақырым жерде жатқанынан да бейхабар. Жебесуші жалғыз қамқор, жалғыз пірінің тым жырақтап, шеттеп кетуіне баяғыдағы өзінің иір мойнына еркелей асылатын ерке Жәнібектің басты себепші болғанын да ол аңғара алған жоқ. Балабура тұңғыш рет жігерін құм етіп, қайратын жасытып қамықты. Төбесінен тікшие-тікшие шаншылған қызы емшек шағылдардың әргі жағындағы алашабыр бүлтты қөкжиекке қарап, ұзак боздады. Есірік өзен оған сақ-сақ күлгендей. Ұшқатқа қонақтаған сауысқандар «о-бал екен, о-бал екен» дегендей тандай қағып, қопаңдасып қойды. Інде туып, көр боп есken, жұтқаннан басқа арманы жоқ семіз суыр бар дүние үстіне тоңкеріліп келе жатқандай інге қарай мыртындей қашты. Ін аузында шоқайып отырып, ақиқаттап алды да, лып етіп сұнгіп кетті. Тек құзар-құзар таулар ғана түйе зарына үн қосты. Тек өзендей жағалай есken ақ теректердің жапырақтары ғана суға қарап мөлиді.

Ол тұңғыш рет егіле жылады. Баданадай қос жанардың нәрі домалап, жылтыр тас үстіне тамыш, таңғы шықтай жылтыллады. Оның қолқа жүрөгінде лаулаған өкініштің, табиғат алдындағы, тағдыры алдындағы әлсіздіктің, дәрменсіздіктің орті бар денесін қызуымен шарпып өтіп, көусардай мөлдір жасқа айналды.